

С.М. Парпиев*, Б.З. Бюжеева, А.Р. Алипбаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: syrym.parpiev@gmail.com

«СЕЦЕССИЯ» ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ СИПАТТАМАСЫН ЖҮЙЕЛЕУ

«Сецессия», «сецессионистік қозғалыстар» құбылысы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңінен таралған ұғымға айналды. Сәйкесінше, бұл құбылыс пәнаралық контекст негізінде кеңінен зерттеліп келді. Бұл зерттеудің мақсаты – «сецессия» құбылысын сипаттайтын тұжырымдарды қарастыра келе, концепциялардың мән-мазмұндық сипатына қарай жүйелеу.

Бұл зерттеу тұжырымдарды 6 топқа бөліп қарастырады. Біріншіден, сецессиялық қозғалыстарды либералдық критерийлер негізінде моральдық-нормативтік көзқараспен (ар-ргоаш) түсіндіруге болады. Екіншіден, саяси-экономикалық контекст негізінде мемлекеттердегі әлеуеті артта қалған аймақтардың саяси-экономикалық әлеуеті жоғары дәрежеде дамыған аймақтарға әрқашан «ауыр жүк» болады дейтін қағидатқа негізделеді. Үшіншіден, сецессия құбылысы экономикалық рационалдылық контексті негізінде экономикалық тиімділігі мен тиімсіздігі критерийлері бойынша сипатталады. Төртіншіден, сецессионистік қозғалыстардың келіп шығуы, дамуы халықаралық жүйелер ықпалы мен сыртқы акторлардың араласуының нәтижесінде пайда болатындығына назар аударады. Бесіншіден, мемлекеттік, аймақтық деңгейдегі саяси-экономикалық, діни институттардың үйлестірушілік сецессионистік қозғалыстардың пайда болуының негізгі факторы ретінде қарастырылады.

Алтыншыдан, сецессия құбылысының пайда болуы потенциалды сецессионистік топтың стратегиялық басты мүдделері мен оны жүзеге асырудағы әрекеттерінің жүйелілігін концептуалдық тұжырымның басты бағыты ретінде көрсетеді.

Түйін сөздер: сецессия, сецессионистік қозғалыстар, сецессия тұжырымы, егемендік, территориялық біртұтастық, концептуализация, этникалық қақтығыстар.

S.M. Parpiyev*, B.Z. Byuzheyeva, A.R. Alipbayev
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: syrym.parpiev@gmail.com

Systematization of the Conceptual Characteristics for Phenomenon of «Secession»

The phenomenon of “secession”, “secessionist movements” became a widespread concept after the Second World War. Accordingly, this phenomenon has been widely studied on the basis of an interdisciplinary approach. The purpose of this study is to systematize non-existent theories about secession by their content nature.

Based on the results of this study, six theoretical groups were identified. Firstly, the secessionist movement can be explained by a moral and normative approach based on liberal criteria. Secondly, the secession can be explained on the basis of a political and economic approach in the context of the principle of “rich region” vs “poor region”, according to which regions with backward potential will always be a “heavy burden” for regions with developed political and economic potential. Thirdly, the phenomenon of secession is characterized by criteria of economic efficiency and inefficiency based on economic rationality. Fourth, the emergence and development of secessionist movements occurs as a result of the influence of international systems and the intervention of external actors. Fifth, theories that consider the activities of political, economic, and religious institutions at the state and regional levels as the main factors explaining the emergence of secession. Sixth, theories that consider the phenomenon of secession as a result of strategic actions of ethnic minorities against the central government.

Key words: secession, secessionist movements, secession formulation, sovereignty, territorial unity, conceptualization, ethnic conflicts.

С.М. Парпиев *, Б.З. Бюжеева, А.Р. Алипбаев

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: syrym.parpiev@gmail.com

Систематизация концептуальной характеристики феномена «сецессия»

Феномен «сецессии», «сецессионистских движений» стал широко распространенным понятием после Второй мировой войны. Соответственно, это явление широко изучалось на основе междисциплинарного подхода. Целью данного исследования является систематизация ныне существующих теорий о сецессии по их содержательному характеру.

По итогам данного исследования определены шесть теоретических групп. Во-первых, сецессионистское движение можно объяснить морально-нормативным подходом (approach) на основе либеральных критериев. Во-вторых, сецессию можно объяснить на основе политико-экономического подхода в контексте принципа «богатый регион» vs «бедный регион», согласно которому регионы с отсталым потенциалом всегда будут «тяжелым грузом» для регионов с развитым политико-экономическим потенциалом. В-третьих, явление сецессии характеризуется критериями экономической эффективности и неэффективности на основе экономической рациональности. В-четвертых, появление и развитие сецессионистских движений происходит в результате влияния международных систем и вмешательства внешних акторов. В-пятых, координация политических, экономических и религиозных институтов на государственном, региональном уровне рассматривается как основной фактор возникновения сепаратистских движений. В-шестых, возникновение феномена сецессии рассматривает основные стратегические интересы потенциальной сецессионистской группы и согласованность ее действий как основное направление концептуальной формулировки.

Ключевые слова: сецессия, сецессионистские движения, суверенитет, территориальное единство, концептуализация, этнические конфликты.

Кіріспе

«Сецессия»¹, «сецессионистік қозғалыстар»² құбылысы Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде және коммунистік-социалистік блок құлаған XX ғасырдың 90-жылдары кеңінен таралды. Африка Азия, Тынық Мұхиты аймағындағы ілгерідегі алпауыт империялардың қарамағында болған колониалдық иеліктердің-территориялар мен онда мекендейтін жергілікті халықтардың отарлауға қарсы қозғалысты көтеруі, КСРО мен оның одақтастарының бірте-бірте ыдырауы әлемнің саяси картасындағы жаңа субъектілердің пайда болуына алып келді. Осыған байланысты сецессия бір мезетте аймақтық немесе әлемдік

¹ Сецессия латынның «secessio» – «бөліну, бөлініп шығу» деген сөзінен шыққан. Саяси-экономикалық ғылым термині ретінде белгілі бір мемлекет құрамындағы саяси субъектінің (халық немесе эникалық топ, территорияның мемлекет аумағынан бөлініп, тәуелсіз саяси субъектке айналу құбылысын білдіреді. Pavković, A., Radan, P. (2011). The Ashgate Research Companion to Secession, Routledge, p. 11; Beran, H. (1984). «A Liberal Theory of Secession», Political Studies, 32(1), p. 21, Pavković, A., Radan, P. (2011). The Ashgate Research Companion to Secession, Routledge, p. 3

² «Сецессионистік қозғалыс» ұғымы бір мемлекет құрамындағы саяси субъектінің (халық немесе эникалық топ, территорияның мемлекет аумағынан бөлініп, тәуелсіз саяси субъектке айналу үдерісінде атқарылатын саяси іс-әрекетті білдіреді.

гегемон державалардың өрлеуі мен құлдырауын, халықаралық одақтастық пен қалыптасқан тәртіпті нығайтуға немесе құлдырату арқылы қайта құруға алып келетін әлемдік саяси үдерістегі маңызды бетбұрысты құбылыс болып табылады. (Brancati, D., 2006)

Егеменді мемлекеттің территориясының бөлшектенуі қазіргі таңда халықаралық қауымдастық тарапынан көбіне негативті түрде қабылданады. Жалпы, «сецессия» іс жүзінде қазіргі мемлекеттер тарапынан «тыйым салынған» термин іспеттес. Себебі, кез келген халықаралық қауымдастық тарапынан мойындалған егеменді мемлекет өз территориясының біртұтастығына нұқсан келгенін қаламайды. Десек те, Африка және Азия аймақтарының деколонизациялануы, КСРО-ның 15 егеменді мемлекетке ыдырауы, Югославияның 7 мемлекетке бөлінуі, Суданның екі мемлекетке бөлінуі сияқты құбылыстар «сецессия» ұғымы қанша жерден негативті қабылданатын құбылыс болса да, әр түрлі факторлардың ықпалымен жүзеге асатын құбылыс ретінде белгілі. Демек, бұл құбылыстың сипатын тану, білу, жүйелеу қазіргі таңда халықаралық қатынастар және саяси ғылымдар саласында дербес міндетін қоюда деп топшылауға болады.

Қазірге дейін халықаралық академиялық қауымдастық тарапынан сецессия құбылысы пәнаралық тұрғыдан әр түрлі аспектілік деңгейде

кеңінен зерттеліп келді. Алғашқыда ғалымдар сецессионистік қозғалыстардың моральдық-нормативтік аспектісіне көбірек көңіл бөлді. Себебі, сецессионистік қозғалыстардың пайда болуы және оның келіп шығу себептері мен салдары халықаралық қоғамды ойландырды. Осы мәселелер сецессионистік қозғалыстарды қозғаушы топтар мен сецессия пайда болған мемлекеттердің территориялық біртұтастылығын қолдаушы топтар арасындағы үлкен дауды туғызды. Әр тарап өзінің қисынды негіздерін дәлел ретінде келтіріп, халықаралық қауымдастықты өз тарапына аударуға тырысып бақты. Сонымен қатар, бұл даулы мәселелер ғалымдар арасында да пікірталас тудырмай қоймады. Сецессионистік топтардың әрекетін позитивті түрде түсіндіретін ғалымдар сецессияның «моральдық дұрыстығын» дәлелдеуге тырысса (Beran, H., 1984; Birch, A. H., 1984; Beran, H., 1988; Buchanan, A., 1991; Buchanan, A., 1997; Moore, M., 2010), бір топ ғалымдар сецессиялық қозғалыстар нәтижесінде пайда болатын саяси субъектілердің фрагментациялану құбылыстарының белгілі саяси-географиялық кеңістіктегі тұрақсыздық пен хаостық үдерістердің салдарына назар аударып, сецессионистік қозғалыстардың алдын алуға және мемлекеттің егемендігі мен территориялық біртұтастылығын қорғауға бағытталған дәйектерге негізделді (Horowitz, D.L, 1981; Hannum, H., 1998; Norman, W., 2003; Glaser, D. J., 2003; Ker-Lindsey, J., 2012).

Демек, «сецессия» құбылысының сипаты мен оның даму үдерісі, орын алуы мен оның нәтижесін сипаттайтын қазіргі кезге дейінгі жасалынған концепциялардың мәні мен болмысын жүйелеу бұл құбылысты кеңінен әрі түрлі қырын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің мақсаты – «сецессия» құбылысын сипаттайтын тұжырымдарды қарастыра келе, концепциялардың мән-мазмұндық сипатына қарай жүйелеу болып табылады.

Зерттеудің әдіснамалық тәсілі ретінде екінші деңгейлі деректерді зерттеу әдісі (secondary data analysis methods)¹ таңдап алынды. Дерек көздері ретінде тақырыпқа сай, автор тарапынан

¹ Екінші деңгейлі деректерді зерттеу әдісі – бұл зерттеушінің белгілі бір зерттеу мәселесіне қойылған зерттеу сұрақтарына жауап беру мақсатында ілгеріде жасалынған деректерді топтау, өңдеу және зерттеудің мазмұнына қарай қолдану болып табылады. Szabo, V., Strang, V.R. (1997). Secondary analysis of qualitative data. *Advances in Nursing Science*, 20(2): 66–74., Trzesniewski, K.H., Brent Donnellan, M., Lucas, R. E., (2010). *Secondary data analysis : an Introduction for Psychologists*, 1st ed., American Psychological Association, pp. 1-257

іріктелген және таңдап алынған зерттеу ғылыми мақалалар мен монографиялардың мазмұндары, статистикалық және жылнамалық деректері пайдаланылады.

«Сецессия» концепциясының кешенді тұжырымдық сипаттамасы

1. Моральдік-нормативтік контекстіндегі сецессия

Әлемдік саяси картаның уақыт пен кеңістіктің дамуына қарай түрліленуінің бір себебі қалыптасқан мемлекеттердің ыдырауы мен жана мемлекеттердің – саяси субъектілердің пайда болуымен тығыз байланысты. Әуеліде ғалымдар сецессиялық қозғалыстар арқылы мемлекеттердің ыдырауын моральдық-нормативтік көзқараспен (approach) түсіндіруге тырысты. Бұл көзқарас сецессионистік қозғалыстың алғышарттары мен «ұлттық өзін-өзі айқындау (national self-determination)» қағидаттарға негізделуінің заңдылығын қарастырды. (Pavković, A., Radan, P., 2011:14-15)

Бұл тұжырымдық көзқарас белгілі өкілі ретінде Харри Беранды мензеуге болады. Х. Беранның пікірінше, сецессионистік топтың мүддесі либералистік құндылықтармен өзара ұштасқан жағдайда сецессионистік қозғалыстар пайда болуы мен оның легитимділігі мүмкін болады (Beran, H., 1984). Себебі, саяси либералдық тұжырымның негізгі өлшеуші критерий болып табылатын еркіндік, халықтың егемендік құқығы мен көпшіліктің басқару қағидаттары сецессионистік топқа да тиесілі ажырамас құндылықтар болып табылады. Х. Беранға көзқарасына алғашқылардың бірі болып қисынды жауап берген Энтони Бёрч, Беранның тұжырымдық концепциясын сынға алды. Э. Бёрчтің көзқарасы бойынша либералды-демократиялық мемлекеттегі сецессионистік қозғалыс 4 негізгі критерий бойынша заңды түрде ақтауға болады. Біріншіден, либералды-демократиялық мемлекеттегі кез-келген топтың дауыс беру құқығы бар. Демек, сецессияны қалайтын топ та мемлекеттен бөлінуге қатысты дауыс беруге құқығы бар. Екіншіден, сецессионистік топ әуеліде сол мемлекет жүйесінің бір бөлшегі ретінде қабылданып, келісім берсе, олардың бөлінуге қатысты таңдауы заңсыз болмайды. Себебі, мемлекет тарапынан қабылданатын саяси шешімдер әрқашан да сецессионистік топтың мүддесін қорғай бермейді. Үшіншіден, сецессионистік топ мемлекет тарапын өздеріне қатысты жасалынған «әділетсіз» шешімдерге

қатысты келіссөз жүргізе отырып, «саудаласа» алады. Бұл бөліну үдерісін «бейбіт» түрде жүзеге асыруға мүмкіндік бере алады. Төртіншіден, белгілі бір аумақта тығыз қоныстанған сецессионистік топтың бөлініп егеменді саяси субъект болған жағдайда, сол аумақта қоныстанған өзге де азшыл топтарға қатысты бұрынғы мемлекет өздеріне жасаған «әділетсіздікті» жасамауы тиіс. (Birch, A.H., 1984)

Бұл көзқарастың келесі өкілі Аллен Бьюкенен, сецессия құбылысының заңдылығын тарихи жағдаяттардың даму желісінен іздейді. Оның ойынша, мемлекет ішіндегі құқықтары шектеулі топтардың қашан да бөлінуге бейім болады. Әсіресе, потенциалды сецессионистік топ мемлекетті құраушы титулдық ұлт тарапынан нәсілдік, этникалық, мәдени, экономикалық, діни т.б. себептерге байланысты қысымға ұшыраған кезде сецессионистік топтың бөліну жайындағы қозғалысы әділетті әрі заңды болып табылады (Buchanan, A., 1991; Buchanan, A., 1997). Бұл көзқарас өкілдері сецессия орын алған жағдайда мемлекетте, аймақта және халықаралық саяси-географиялық кеңістіктегі тұрақтылық пен зорлық-зомбылықтардың, хаостық жағдаяттардың орын алуының құнына аса мән бермейді.

2. Саяси-экономикалық контекст негізіндегі сецессия

Сонымен қатар, ұлттық өзін-өзі айқындау қағидаттарының заңдылығы әлемдегі кез-келген сецессиялық қозғалыстарды түсіндіруде өзінің шектеулілігін көрсетті. Мысалы, деколонизациялық қозғалыс қарқынды жүзеге асқан ХХ ғасырдың 60-жылдары Африка құрлығындағы Нигериядағы Биафра өңірі (Simpson, B., 2014) мен «Конго кризисінің» өзегі болған Катанга өңіріндегі сецессионистік қозғалыстардың (Lemarchand, R., 1962) болмысы мен сипаты толықтай ұлттық немесе топтық өзін-өзі айқындау қағидаттары арқылы түсіндіре алмады. Осыған байланысты сецессия және сецессионистік қозғалыстарды концептуалдық түрде тұжырымдайтын келесі көзқарас (approach) пайда болды (Hechter, M., 1992; Bartkus, V.O., 2005, Brown, G.K., 2010). Ол сецессионистік қозғалыстың саяси-экономикалық аспектісі болып табылады. Басқаша айтақанда, бұл көзқарас саяси-экономикалық әлеуеті артта қалған аймақтар сол мемлекет ішіндегі саяси-экономикалық әлеуеті жоғары дәрежеде дамыған аймақтарға әрқашан «ауыр жүк» болады дейтін қағидатқа негізделеді. Осы орайда,

табиғи ресурстардың мемлекет аумағындағы орналасу пропорциясының тең болмауы, сол ресурстарға қол жетімділік және ресурстарды игеруден түсетін капиталдардың мемлекет тарапынан пропорционалды түрде сәйкесінше бөлінбеуі аймақтар арасындағы өзара қарама-қайшылықтарды тудырады. Бұл жағдай аймақтар арасындағы саяси-экономикалық теңсіздіктің пайда болуына алып келеді. Сәйкесінше, бай аймақтар артта қалған аймақтарды «тамақтандырудан» бас тартады. Бұл факторлар сецессиялық құбылыстардың шығуына алып келеді.

Мемлекет ішіндегі бай және әлеуетті географиялық суб-субъектке бағытталған қағидаттың орындалуы көпке бармайды. Сонымен қатар, «әділдік өзара қарым-қатынас» қағидаты да барлық саяси топтарды қанағаттандырмайды. Сондықтан, саяси билік пен экономикалық әлеуеті, күші бар топтар одан әрі мемлекеттегі барлық «ауыртпалықтарды» өз мойнына алу жауапкершілігінен гөрі, керісінше, өздерінде бар билік пен мәртебе, экономикалық ресурстарды пайдалана отырып, бөлінуге ниеттенеді (Dietrich, F., 2014).

3. Экономикалық контекст негізіндегі сецессия

Бертін келе, ғалымдардың бір тобы басқару формасы федерация болып табылатын мемлекеттерде орын алған сецессионистік қозғалыстарды сипатын түсіну мақсатында федерациялық одақ ішіндегі экономикалық жағдаяттарды сараптай келе сецессия құбылысы болмысының экономикалық көзқарасы тұрғысынан зерттей келе, федерациялық одақтың құрамында кейбір өңірлердің мүше болуының экономикалық тиімділігі мен тиімсіздігі мәселесі қарастырылды. (Alesina, A., Perotti, R., Spolaore, E., 1995; Alesina, A., Spolaore, E., 1997; Berkowitz, D., 1997; Alesina, A., Perotti, R., 1998; Graziosi, G. R., 2007, Hierro, M.J., Queralt, D., 2021)

Потенциалды сецессионистік топ өздері тиесілі мемлекеттің құрамында болудың рационалдылығын бағалайды. Берковицтың пайымдауынша, социалистік блоктың құрамында болған мемлекеттердегі потенциалды сецессионистік топтардың осы мәселелері айқын болған. Яғни, басқарушы орталық пен перифериялық өңірлер арасында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту кезеңінде өңірлердің табыстық көрсеткіші бойынша пропорционалды теңсіздік құбылыс пайда болды. Өңірлердің табысының федералды бюджеттегі үлестік салмағы аз болғанда, өңірлердегі сецессионистік

қозғалыстардың шығу мүмкіндігі азаяды. Себебі, мұндай өңірлергі экономикалық тұрғыдан орталықпен бірге болу тиімдірек. Егер өңірлердің бюджетінде профициттің көлемі ұлғайғанда, сецессия мемлекеттің бюджеттік профицитке қатысты федералды салықтарды реттеу әрекетіне байланысты болады. Өңірлердің өңірлік бюджеттік профициттің артуы, өңірдің дамуына үлес қосса, бұл шын мәнінде мемлекеттің бұл үдеріске қатысты қалай саяси шешім қабылдайтындығына байланысты сецессиялық қозғалыстың пайда болуы ықтималдылығы шешіледі. Berkowitz, D., 1997; Alesina, A., Perotti, R., 1998)

4. Халықаралық қатынастар және сыртқы факторлар контексті негізіндегі сецессия

Сецессионистік қозғалыстардың пайда болуы мен оның дамуы, оның бір мемлекеттік географиялық аумағынан шығып, аймақтануы және халықаралықтану мәселесі, оның ақпараттандыру мен жаһандану үдерістерімен байланысуы да ХХ ғасырдың екінші жартысында орын алған үлкен жағдаяттардың бірі болып саналады. Осыған орай, сецессия қозғалысының болмысы мен сипатын анықтауға бағытталған концептуалдық тұжырымдардың келесі бағыты сецессионистік қозғалыстардың халықаралық жүйе, қатынастар көзқарасын қалыптастырды. Бұл көзқарас өкілдері сецессионистік қозғалыстардың жүру үдерісіне сыртқы факторлар мен акторлардың араласуы мен олардың ықпалының сецессионистік қозғалыстардың сәтті немесе сәтсіз нәтижелермен аяқталуының негізгі себебі ретінде қарастырады. (Heraclides, A., 1990; Saideman, S. M., 1997; Fabry, M., 2010; Coggins, B., 2011; Fazal, T.M., Griffiths, R.D., 2014; Beardsley, K., Cunningham, D., White, P., 2017; Huddleston, R. J., 2020).

Осыған орай, жаһандану мен өзара әрекеттілік үдерістерінің қарқындалуы сецессиялық құбылыстардың белгілі бір мемлекеттің аумағынан аймаққа, халықаралықтану ықтималдылығын жоғарылатты. С. Сайдеманның анықтауынша, этникалық топтар арасындағы өзара байланыстардың трансшекаралануы сецессионистік қозғалыстардың нәтижелілігін арттырады. Ал, Б. Коггинс халықаралық акторлардың сецессияның нәтижесіне қатысты маңызды рөл атқаратындығын пікірлей келе, дәл өзге егеменді саяси субъектілердің жаңадан пайда болған мемлекетті «мойындауы» сецессионистік қозғалыстардың сәтті аяқталатындығын дәлелдеуге тырысады. (Coggins, B., 2011). Өзге мемлекеттердің сецессия нәтижесінде

пайда болған мемлекеттің егемендігі мен территориялық біртұтастығын тән алуы жаңадан пайда болған мемлекетке халықаралық аренада легитимділікті беріп, тәуелсіз актор ретінде халықаралық және әлемдік үрдістерге қатысуға, өз мүддесін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бёрдсли мен оның жақтастары БҰҰ және өзге де халықаралық ұйымдардың қабылдаған құжаттары мен жалпыға ортақ декларациялары, конвенцияларындағы субъекттік және терминдік анықтамалықтың универсалдылығы қазіргі таңдағы сецессионистік қозғалыстардың өршуіне себеп болып жатқандығын меңзейді. (Beardsley, K., Cunningham, D., White, P. (2017). Ал, Т. Фазал мен Д. Гриффитс қазіргі кездегі халықаралық экономикалық, нормативтік және қауіпсіздік салаларындағы жүріп жатқан қарқынды өзгерістер сецессионистік қозғалыстарды қозғаушы факторлар ретінде санайды. Тольғырақ айтсақ, мемлекеттердің жаһандану ықпалымен өзара тәуелділігі мен әрекеттестіктің тереңденуі мемлекет ішіндегі нормативтік құндылықтардың сақталуы мен өмір сүруіне қауіп төндіреді. Бұл құбылыс потенциалды сецессионистік топтар арасындағы протекционистік позициялардың пайда болуына, қарсы шығу әрекеттерінің дамуына алып келеді. (Fazal, T.M., Griffiths, R.D., 2014).

5. Институционалдық үйлестірушілік контекст негізіндегі сецессия

Ғалымдардың келесі тобы сецессионистік қозғалыстардың сипатын институционалдық үйлестірушілік көзқарас тарапынан түсіндіруге ұмтылды. Мемлекеттік аймақтық деңгейдегі саяси-экономикалық, діни институттардың үйлестірушілік әлемдегі әр түрлі аймақтардағы сецессионистік қозғалыстарды оянуының негізгі факторы болып табылады. (Sarocchia, G., Saez, L., De Rooij, E., 2012) Осы орайда институционалдық үйлестірушілік көзқарас зерттеулік сұрақтарының жауабын демократия мен сецессияның байланысынан, автономиялық саяси институттардың, өңірлердің автономиялық құқықтарының жойылуы сецессионистік қозғалыстардың пайда болуы мен дамуының негізгі қозғаушы мотивтері деп топшылайды.

Автономиялық құқықпен қамтамсыз ету потенциалды сецессионистік топтың базалық сұраныстарын қамтамсыз етеді. Саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени-тілдік автономия топтарға өздерінің базалық құндылықтардың өмір сүруін, дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Филипп Рудердің көзқарасы бойынша автономиялық құқықпен қамтамсыз

ету сецессия құбылысының пайда болуы ықтималдылығын төмендетеді. (Roeder, Ph., G., 2018). Бірақ, Ф. Рудер автономиялық құқық негізінде құрылған институттардың парадокс түрінде сецессия құбылысын тудыру мүмкіндігін жоғарылатындығын ескермейді. Себебі, автономиялық субъектінің қалыптасуы мен оның өмірдегі рөлінің нығаюы түбінде болашақтағы бөліну процесінің негізін қалаушы саяси институт болу мүмкіндігін ескермейді. Ф. Рудер үшін сецессионистік қозғалыстардың негізгі мүддесі өмірдегі халықтың ортақ мүддесіне айналуы керек. Сонда жалпыға ортақ үйлестірушілік пайда болады. Ал, Ф.Келле Ф. Рудердің бағытын дамыта келе автономиялық аймақтың рухани-символдық рөлінің маңызды екендігін меңзей отырып, автономиялық аумақтың жойылуы авторитарлық түрде сецессионистік қозғалыстардың қалыптасуын қамтамасыз ететін бірден-бір фактор деп санайды. (Kelle, F. L., 2017)

б. Стратегиялық контекст негізіндегі сецессия

Сецессионистік қозғалысты ұйымдастырушы топ пен сецессия құбылысы орын алған мемлекеттің өзара әрекеттерін бақылай отырып, сецессия құбылысының сипатын қисындық-құрылымдық тұрғыдан зерттеуші ғалымдар сецессионистік қозғалыстардың стратегиялық моделін басты мәселе ретінде қалыптастырды. (Cunningham, K. G., 2013; Braatz, T., 2014; Breslawski, J., Ives, B., 2019; Griffiths, R. D., Wasser, L. M., 2019; Pischedda, C., 2020; Germann, M., Sambanis, N., 2021) Сецессионистік топтардың бір бөлігі үдеріс барысында күш қолдану әдісіне жүгінсе, келесі бір тобы керісінше, күшті қолдану арқылы өз мүдделерін жүзеге асыруға әрекет етеді. Күш қолдану мен күш қолданбау стратегиясының қаншалықты және қандай шарттар негізінде тиімді немесе тиімсіз екендігі бұл тұжырымдық бағыттың негізгі зерттеу сауалдарына айналды. Күш қолданбау арқылы бейбіт түрде қозғалысты жүзеге асыру шын мәнінде жалпы үдерістің бейбіт түрде жүзеге асуын қамтамасыз ете ала ма? Сецессионистік қозғалыс сәтті түрде жүзеге асқан жағдайда, жаңа пайда болған саяси субъектінің бейбіт түрде өмір сүре алу әлеуеті қандай? Осы мәселелер сецессионистік қозғалыстардың стратегиялық модельдік көзқарастардың өзекті тақырыбына айналды.

Дж. Бреславски мен Б. Айвз сецессионистік топтың күш қолдануы ол топтың (діни, этникалық) ұлттық идеологиясының күштілігі мен әлсіздігіне байланысты болатындығын

меңзейді. Күш қолданудың іс-жүзінде жүзеге асуы болып жатқан үдерістің аймақтық, халықаралық қауымдастықтың назарын аудартады. Бұл сецессионистік қозғалыстардың трансшекаралық және трансұлттық желілерін құру стратегиясын жасауға итермелейді. Алайда, сецессияға қатысты халықаралық қауымдастықтың реакциясының позитивтілігі мен негативтілігі осы жерде күш қолданудың негізгі жағдайы қай бағытта болғандығына байланысты болады. Егер, сецессионистік топ күш қолдану әрекеті «қорғану» мақсатында жасалынған болса, онда көп жағдайда халықаралық қауымдастықтың позитивті қолдауына ие бола алады. Төлығырақ айтқанда, орталық тарапынан сецессионистік өмірге қатысты жаппай жазалау, саяси қудалау, саяси-әлеуметтік-экономикалық дискриминациялау, күштеп қоныс аударту сияқты әрекеттер болған жағдайда бұл сецессионистік қозғалыстар радикалды түрде болуына алып келеді. (Cunningham, K. G., 2013). Сецессионистік стратегия күш қолдану форматына ауысады.

Қорытынды

Қазірге дейін халықаралық академиялық қауымдастық тарапынан сецессия құбылысы пәнаралық тұрғыдан әр түрлі аспектілік деңгейде кеңінен зерттеліп келді. Сецессияға қатысты зерттеулердің сипаты пәнаралық деңгейде жүргізіліп жатқандығын байқауға болады. Бұл зерттеу сецессия құбылысы мен сецессионистік қозғалыстарға қатысты қазіргі кездегі қалыптасқан концептуалдық тұжырымдарды қарастыра келе қысқа форматта мағыналық бағыты бойынша жүйелеуді мақсат етті.

Бұл зерттеудің қорытындысы бойынша тұжырымдарды 6 топқа бөліп қарастырды. Біріншіден, сецессиялық қозғалыстар арқылы мемлекеттердің ыдырауын моральдық-нормативтік көзқараспен (approach) түсіндіруге болады. Бұл бағыт бойынша негізгі критерий саяси либерализмнің басты нормаларына негізделеді және еркіндік, халықтық егемендік, саяси таңдау құқығы негізінде сецессия моральдық-нормативтік негізі айқын болғанда, қандай форматта болмасын, орын алуға құқылы.

Екіншіден, саяси-экономикалық аспектісіне негізделген тұжырымдар мемлекет ішіндегі әлеуеті артта қалған аймақтардың саяси-экономикалық әлеуеті жоғары дәрежеде дамыған аймақтарға әрқашан «ауыр жүк» болады дейтін қағидатқа негізделеді. Осы орайда,

табиғи ресурстардың мемлекет аумағындағы орналасу пропорциясының тең болмауы, сол ресурстарға қол жетімділік және ресурстарды игеруден түсетін капиталдардың мемлекет тарапынан пропорционалды түрде сәйкесінше бөлінбеуі аймақтар арасындағы өзара қарама-қайшылықтарды тудыра отырып, сецессия құбылысының пайда болуына алып келеді деп сипаттайды.

Үшіншіден, сецессия құбылысы болмысының экономикалық көзқарасы тұрғысынан қарастыратын тұжырымдар федерациялық одақтың құрамында кейбір өңірлердің мүше болуының экономикалық тиімділігі мен тиімсіздігі критерийлері негізінде сецессия құбылысының келіп шығу үдерісін сипаттайды. Бұл бағыт потенциалды сецессионистік топтардың экономикалық рационалдылық шеңберінде таңдауын негізгі критерий ретінде қарастырады.

Төртіншіден, сецессионистік қозғалыстардың келіп шығуы, дамуы халықаралық жүйелер ықпалы мен сыртқы акторлардың араласуының нәтижесінде пайда болатындығына назар аударады. Бұл тұжырымдар сыртқы факторлардың ықпалының сецессионистік қозғалыстардың сәтті немесе сәтсіз нәтижелермен аяқталуының негізгі себебі ретінде қарастырады.

Бесіншіден, мемлекеттік, аймақтық деңгейдегі саяси-экономикалық, діни институттардың үйлестірушілік әлемдегі әр түрлі аймақтардағы

сецессионистік қозғалыстарды оянуының негізгі факторы ретінде қарастыратын тұжырымдар. Бұл тұжырымдар демократия мен сецессияның байланысынан, автономиялық саяси институттардың, өңірлердің автономиялық құқықтарының жойылуы сецессионистік қозғалыстардың пайда болуы мен дамуының негізгі қозғаушы мотивтері ретінде қарастыра отырып, осы орайда институттардың оперативтік үйлестірушілік стратегиясына байланысты сецессия құбылысының сипаты анықталатындығын басты мәселе ретінде санайды.

Алтыншыдан, сецессия құбылысының пайда болуы потенциалды сецессионистік топтың стратегиялық басты мүдделері мен оны жүзеге асырудағы әрекеттерінің жүйелілігі мен форматтары концептуалдық тұжырымның басты бағыты болды. Мемлекеттің ішіндегі потенциалды сецессионистік топтарға қатысты орталық биліктің күш қолдану стратегиясы мен қолданбау стратегиясы сецессияның келіп шығу-шықпау мәселесін шешеді.

Бұл зерттеу авторлар тарапынан қазіргі дейінгі қарастырған концептуалдық тұжырымдарды жүйелеуге тырысқан әрекеті болып табылады. Сецессияға қатысты концептуалдық тұжырымдар мұнымен шектелмейді. Сондықтан, авторлар бұл зерттеу қазақ тіліндегі академиялық қауымдастықтың сецессияға қатысты болашақ зерттеулеріне қажетті базалық зерттеулердің

бірі ретінде қарастырылса деп үміттенеді.

Әдебиеттер

- Alesina, A., Perotti, R., Spolaore, E. (1995). Together or separately? Issues on the costs and benefits of political and fiscal unions, (39) 3-4, pp. 751-758.
- Alesina, A., Spolaore, E. (1997). On the Number and Size of Nations. *The Quarterly Journal of Economics*, 112(4), pp. 1027-1056.
- Alesina, A., Perotti, R. (1998). Economic Risk and Political Risk in Fiscal Unions. *The Economic Journal*, 108(449), pp. 989-1008.
- Bartkus, V.O. (2005). *The Dynamic of Secession*, Cambridge University Press, pp. 1-278.
- Beardsley, K., Cunningham, D., White, P. (2017). Resolving Civil Wars before They Start: The UN Security Council and Conflict Prevention in Self-Determination Disputes. *British Journal of Political Science*, 47(3), pp. 675-697.
- Beran, H. (1984). «A Liberal Theory of Secession», *Political Studies*, 32(1), pp. 21-31.
- Beran, H. (1988). «More Theory of Secession: A Response to Birch», *Political Studies*, 36(2), pp. 316-323.
- Berkowitz, D. (1997). Regional income and secession: Center-periphery relations in emerging market economies, *Regional Science and Urban Economics*, 1 (27), pp. 17-45.
- Birch, A. H. (1984). Another Liberal Theory of Secession. *Political Studies*, 32(4), pp. 596-602.
- Braatz, T., (2014). The Limitations of Strategic Nonviolence, *Peace Review*, (26)1, pp. 4-11.
- Brancati, D. (2006). Decentralization: Fueling the Fire or Dampening the Flames of Ethnic Conflict and Secessionism? *International Organization*, 60(3), pp. 651-685.
- Breslawski, J., Ives, B. (2019). Killing for God? Factional Violence on the Transnational Stage. *Journal of Conflict Resolution*, 63(3), pp. 617-643.
- Brown, G.K., (2010). The Political Economy of Secessionism: Inequality, Identity and the State, *Bath Papers in International Development* № 9, pp. 1-37.
- Buchanan, A. (1991). «Toward a Theory of Secession», *Ethics*, 101(2), pp. 322-42.

- Buchanan, A. (1997). «Theories of Secession», *Philosophy & Public Affairs*, 26(1), pp. 31-61.
- Capocchia, G., Saez, L., De Rooij, E., (2012). When State Responses Fail: Religion and Secessionism in India 1952-2002, *The Journal of Politics*, (74) 4.
- Coggins, B., (2011). Friends in High Places: International Politics and the Emergence of States from Secessionism, *International Organization* (65)3, pp. 433-467.
- Cunningham, K. G. (2013). Understanding strategic choice: The determinants of civil war and nonviolent campaign in self-determination disputes. *Journal of Peace Research*, 50(3), pp. 291-304.
- Dietrich, F. (2014). Secession of the Rich: A Qualified Defence. *Politics, Philosophy & Economics* (13)1, pp. 62-81.
- Fabry, M., (2010). *Recognizing States: International Society and the Establishment of New States Since 1776*, Oxford Academic Publications, pp. 1-272.
- Fazal, T.M., Griffiths, R.D., (2014). Membership Has Its Privileges: The Changing Benefits of Statehood, *International Studies Review*, (16) 1, pp. 79-106.
- Germann, M., Sambanis, N. (2021). Political Exclusion, Lost Autonomy, and Escalating Conflict over Self-Determination. *International Organization*, 75(1), pp. 178-203.
- Glaser, D. J. (2003). The Right to Secession: An Antisecessionist Defence. *Political Studies*, 51(2), pp. 369-386.
- Graziosi, G. R. (2007). Secession and the Limits of Taxation: Toward a Theory of Internal Exit: Comment. *The American Economic Review*, 97(1), pp. 534-538.
- Griffiths, R. D., Wasser, L. M. (2019). Does Violent Secessionism Work? *Journal of Conflict Resolution*, 63(5), pp. 1310-1336.
- Hannum, H. (1998). The Specter of Secession: Responding to Claims for Ethnic Self-Determination. *Foreign Affairs*, 77(2), pp. 13-18.
- Hechter, M. (1992). The Dynamics of Secession. *Acta Sociologica*, 35(4), pp. 267-283.
- Heraclides, A., (1990). Secessionist Minorities and External Involvement, *International Organization*, 44(3), pp. 341-378.
- Hierro, M.J., Queralt, D. (2021). The Divide Over Independence: Explaining Preferences for Secession in an Advanced Open Economy. *American Journal of Political Science*, (65) 2, pp. 422-442.
- Horowitz, D. L. (1981). Patterns of Ethnic Separatism. *Comparative Studies in Society and History*, 23(2), pp. 165-195.
- Huddleston, R. J. (2020). Continuous recognition: A latent variable approach to measuring international sovereignty of self-determination movements. *Journal of Peace Research*, 57(6), pp. 789-800.
- Kelle, F. L., (2017). To Claim or Not To Claim? How Territorial Value Shapes Demands for Self-Determination, *Comparative Political Studies* (50)7, pp. 992-1020.
- Ker-Lindsey, J. (2012). Understanding state responses to secession, *Peacebuilding*, (2) 1, pp. 24-44.
- Lemarchand, R. (1962). The Limits of Self-Determination: The Case of the Katanga Secession. *The American Political Science Review*, 56(2), pp. 404-416.
- Moore, M. (2010). «Ethics of Secession and Political Mobilization in Quebec», In D. H. Doyle (Ed.), *Secession as an International Phenomenon: From America's Civil War to Contemporary Separatist Movements*. pp. 76-94.
- Norman, W. (2003). Domesticating secession. *Nomos*, 45. pp. 193-237.
- Pavković, A. (2000). Recursive Secessions in Former Yugoslavia: Too Hard a Case for Theories of Secession? *Political Studies*, 48(3), pp. 485-502.
- Pavković, A. (2004). Secession as Defence of a Political Liberty: A Liberal Answer to a Nationalist Demand. *Canadian Journal of Political Science / Revue Canadienne de Science Politique*, 37(3), 695-713.
- Pavković, A., Radan, P. (2011). *The Ashgate Research Companion to Secession*, Routledge. pp. 1-593.
- Pischedda, C., (2020). Ethnic Conflict and the Limits of Nonviolent Resistance, *Security Studies*, (29) 2. pp. 362-391.
- Roeder, Ph., G., (2018). *National Secession: Persuasion and Violence in Independence Campaigns*, Ithaca, NY: Cornell University Press. pp. 1-318.
- Saideman, S. M., (1997). Explaining the International Relations of Secessionist Conflicts: Vulnerability vs. Ethnic Ties, *International Organization*, 51(4), pp. 721-753.
- Simpson, B., (2014). The Biafran secession and the limits of self-determination, *Journal of Genocide Research*, (16)2-3. pp. 337-354.
- Szabo, V., Strang, V.R. (1997). Secondary analysis of qualitative data. *Advances in Nursing Science*, 20(2): 66-74.
- Trzesniewski, K.H., Brent Donnellan, M., Lucas, R. E., (2010). *Secondary data analysis : an Introduction for Psychologists*, 1st ed., American Psychological Association. pp. 1-257.